

Педагогикалық кеңес
ХАТТАМА № 1

Өткізілген орны: «Нур Мадияр» балабақшасы

Күні: 2024 жыл 28 тамыз

Барлығы - 6

Қатысқаны – түгел

КҮН ТӘРТІБІ:

Тақырыбы: «Білім және ғылым. Білім саласындағы жаңалықтар»

Мақсаты: Жаңа оқу жылындағы білім саласындағы өзгерістер бойынша балабақша қызметінің негізгі бағыттарымен таныстыру.

1.2024-2025 оқу жылы тамыз кеңесінің шешімдері мен жаңалықтары.

Құрылтайшы: А.А Аскарова

2. 2024-2025 оқу жылының оқу жоспарын бекіту. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарын бекіту. Жаңа оқу жылының міндеттерімен танысу және бекіту.

Құрылтайшы: А.А. Аскарова

3. Қ.Р. мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, жаңа оқу жылына қойылатын талаптар мен жұмыс оқу жоспары, тәрбиешілер мен мамандардың жылдық күнтізбелік перспективтік жоспарлары мен оқу жоспарының вариативтік оқу бағдарламасы бойынша талдау, ережелерді бекіту.

Құрылтайшы: А.А. Аскарова

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Құрылтайшы: А.А. Аскарова

Оқу жылының басында мектепке дейінгі ұйымдарда жас топтары жасақталады: Кіші жас - 2 жастан (кіші топ); орта жас – 3 жастан (ортаңғы топ); ересек жас – 4 жастан (ересек топ), 5 жастан мектепалды тобы. Үлгілік бағдарлама мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Физикалық даму», «Коммуникативтік дағдылар», «Танымдық және зияткерлік дағдылар», «Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар» негізінде жүзеге асырылады.

2. Құрылтайшы: А.А. Аскарова

Әдістемелік ұсынымдар жаңартылған мазмұнды іске асырудың негізгі бағыттарын, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдерін, Стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауды, мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыруды, тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдерін қарастырады.

Аталған ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді және мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары мен мамандарына, сондай-ақ ата-аналар қауымдастығы үшін әдістемелік нұсқаулық болады.

Балабақшада балаларды жан - жақты дамыту үшін барлық жағдайлар жасалған. Жаңа оқу жылына қажетті көрнекіліктердің бәрімен қамтамасыз етілді. Әр баланың жеке-тұлғалық сапасын жетілдіру және оларды дамыту мақсатында нәтижелі жұмыстар жүргізілді. Барлық топтарда жас ерекшеліктеріне сай перспективалық жоспарлары бар. Топтар жас ерекшеліктеріне сай топтастырылған. Балабақшада музыка, дене шынықтыру бөлмелері бар. Жыл бойы мамандар бір - бірімен тығыз байланыс орнатып, өндірістік жиналыстарда «Тіл заңы» және «Білім заңының» орындалуын қарастырды.

Құрылтайшы: А.А. Аскарова

2024 - 2025 оқу жылындағы нормативті құжаттар болып табылады, жаңа оқу жылында оқу-тәрбие білім беру үрдісі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына, 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына, 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен);
4. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесіне (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 тамыздағы № 376 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);
5. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына 2022 жылғы 7 маусымдағы № 265 бұйрығымен енгізілген толықтырулары мен өзгерістерімен) сәйкес регламенттеледі.

«Нур Мадияр» балабақшасында 4топ жұмыс істейді. Мемлекеттік тілде тәрбиеленеді және оқытылады –3топ. Олардың ішінде: ортаңғы топ – 1; ересек топ - 1;мектепалды топ – 1.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына «Ұлттық құндылықтар - балабақшада» вариативтік оқу бағдарламасын еңгізу туралы, балабақшаның барлық жастағы топтарында вариативтік бағдарлама болатыны айтылды.

ШЕШІМІ:

1. ҚР мектепке дейінгі ұйымдарында 2024-2025оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат бойынша жұмыс жүргізілсін. (Жыл бойы)
2. 2024-2025 оқу жұмыс жоспарын басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізісін. (Жыл бойы)
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын басшылыққа ала отырып тәрбиеленушілерді дайындасын. (Барлық тәрбиешілер, жыл бойы)
4. «Ұлттық құндылықтар- балабақшада» вариативтік оқу бағдарламасы барлық топтарда өткізілсін. (Жыл бойы)

Құрылтайшы



А.А. Аскарова